

Қостанай ауданы Затобол кентінің құрамдас бөлігін қайта атау туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы Затобол кенті әкімінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 6848 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Қостанай ауданының Затобол кенті халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Затобол кенті әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай ауданы Затобол кентінің Калинин көшесі Тәуелсіздік көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Затобол кенті әкімінің
міндетін атқарушы*

З. Курсумбаева